

«Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының

әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №1

Уақыты: 05 қыркүйек 2022 жыл

Әдістемелік кеңес төрайымы: С.У.Таштаева

Хатшы: Г.Бейсеева

Қатысқаны -10

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - портфолио жинақтау.
2. Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын талқылап, бекіту
3. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.
4. Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында әдістемелік көмек көрсету іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу
5. Кіші топ балаларының бейімделуі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері Г.Бейсеева педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары жайлы айта келіп, 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алу қажеттігін атап көрсетті. Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты әр педагогтың, тәрбиелеу- білім беру процесіне тиісті мүдделері педагогикалық ұжымның және жеке қажеттіліктерін, ізденудің жаңа нысандарын және мазмұнын құру болып табылады.

Негізгі тақырыбымыз- орталық жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен білім беруде педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру.

Әр педагогтың педагогикалық қызметін қалыптастыру мен дамыту жүйесінде және орталықтың жылдық мақсаттары мен міндеттерін шешуге тиімді жағдай жасау, педагогтардың әдістемелік жұмыс жасау тұрғысынан өсуін қамтамасыз ету, дамыған инновациялық технологиялар есебінен оқу- тәрбие үрдісінің сапасын көтеру.

Негізінде педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау барысында барлық педагогтардың құжаттары талапқа сай толтырылуы қажеттігіне тоқталды.

Сонымен бірге, перспективалық жоспар мен циклограмманы толтыру мен мониторинг пен даму карталарын толтыру бойынша кеңес берілді.

Педагогтардың өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарлары талқыланып, портфолио жинақтау бойынша кеңес берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары талқыланып, бекітілді.

Күн тәртібіндегі үшінші және төртінші мәселелер бойынша өзара сабаққа қатысу, тәжірибе алмасу, өздерінің біліктілігін арттыру әрбір педагогтың кәсіби өсуіне әсер ететіндігін атап көрсетті.

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырылсын.
2. Перспективалық жоспар, циклограмма және өзіндік білім көтеру тақырыптары бекітілсін.
3. Әдістемелік кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу, кәсіби біліктілігін арттыру жолға қойылсын.
5. Кіші топ балаларының балабақшаға бейімделуі бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

С.У.Таштаева

Хатшы:

Г.Е.Бейсеева

